

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Филология факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы.**

**22.10.2025 ж.**

**Қатысқандар:**

**Комиссия төрағасы:**

1. А.С.Даулетова – ф.ғ.к.,

**Комиссия мүшелері:**

2.Ы.Нурмагомбетова – аға оқытушы;

3.М.Молдашова - PhD, аға оқытушы;

4.Ж.Ошақбаева – оқытушы;

5.Г.Макенова – аға оқытушы;

6.Л.Қазыханқызы – PhD, аға оқытушы

7.Б.Бейсенбаева - докторант,

8. Н.Нарзуллаева - магистрант

9. А.Үсен-студент

10.Р.Байымбетова – ф.ғ.к., аға оқытушы

11. Ж.Тағаева - Өдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Комиссияның 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну;
2. БББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу;
3. Педагогикалық кадрларды даярлау сапасына мониторинг нәтижелері бойынша аудит жүргізу ( педагогикалық бағыттар бойынша)
4. ББ пәндері бойынша контенттердің сапалы әзірленуі және порталға толық жүктелгенін тексеру;
5. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесіне мониторинг жүргізу;
6. Қыркүйек, қазан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

**Тыңдалды:**

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы А.Даулетова сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша комиссия мүшелерін тағайындау туралы өз пікірін айтып, талқылауды ұсынды. Комитет мүшелерін тағайындауда факультетке қарасты кафедралардың барлығынан өкілдердің болуын назарға ала отырып таңдалғаны айтылды. Нәтижеде, қазақ филологиясы кафедрасынан ф.ғ.к., аға оқытушы Байымбетова, Түрік филологиясы кафедрасынан аға оқытушы Ы.Нурмагомбетова, Орыс тілі және әдебиеті кафедрасынан оқытушы Г.Куанышбаева, Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасынан оқытушы Г.Макенова, Педагогикалық шетел тілдері кафедрасынан оқытушы М. Молдашова тағайындалуға ұсынылып, бекітілгені айтылды.

**Ы.Нұрмағанбетова:** 2025-2026 оқу жылына дайындалған Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия жоспарына өз пікірін білдірді.

Комиссия жоспары талқыға салынып, комиссия мүшелері өз пікірлерін ұсына алатындарын айтты. Комиссия мүшелері өз ойларын ортаға ұсынып, бір шешімге келді.

### Шешім:

Комиссияның 2025-2026 оқу жылына дайындалған жоспар факультеттің оқу-әдістемелік комитеті, академиялық комитеті және факультет кеңесінде қаралсын.

2. Комиссия төрағасы А.Даулетова бекітілген комиссия мүшелерімен факультеттің ББ-ға мониторинг жүргізілу барысында ББ бағдарламалары бойынша кафедралардағы ОПҚ-ның ғылыми дәрежелілігі туралы 5-ші қосымша бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесін ұсынды.

Қазақ тілі кафедрасында бакалавр дәрежесі бойынша 6В01716 Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 75%, 6В01726 (ІР), Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 53,30%, 6В02336 ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 59,46%, 7М01737-Қазақ тілі мен әдебиеті және 8Д01705-Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 100% болып, талаптарға сай екендігіне көз жеткізілді. (1-ші кестеде көрсетілген).

ІР білім беру бағдарламасы бойынша кафедрада біліктілін арттырған оқытушы саны 18. Кафедрада барлығы 21 оқытушы, оның екеуі 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында жұмысқа алынған, үш оқытушы дуальді оқыту бойынша сабаққа кіретін оқытушылар.

### Кесте 1. Қазақ филологиясы кафедрасы

| БББ<br>коды мен<br>атауы | БББ атауы                    | Білімгер<br>саны | Жалпы<br>ОПҚ<br>саны | Ғылым доктор | Магистр дәрежесі<br>туралы мәлімет | Ғылым кандидаты | PhD | Ғылыми дәрежесі<br>жоқ оқытушылар | Негізгі штат<br>бойынша жалпы<br>ОПҚ саны | Ғылыми дәрежесі<br>бар ОПҚ саны | Ғылыми<br>дәрежелілік % |
|--------------------------|------------------------------|------------------|----------------------|--------------|------------------------------------|-----------------|-----|-----------------------------------|-------------------------------------------|---------------------------------|-------------------------|
| 6В01716                  | Қазақ тілі мен әдебиеті      | 87               | 16                   | -            | 2                                  | 9               | 3   | -                                 | 14                                        | 2                               | 75                      |
| 6В01726<br>(ІР)          | Қазақ тілі мен әдебиеті      | 95               | 30                   | 2            | -                                  | 11              | 3   | -                                 | 30                                        | 16                              | 53,3                    |
| 6В02336                  | Филология: қазақ филологиясы | 50               | 37                   | 1            | 11                                 | 14              | 7   | 2                                 | 35                                        | 20                              | 59,46                   |
| 7М01737                  | Қазақ тілі мен әдебиеті      | 5                | 12                   | 2            | -                                  | 7               | 3   | -                                 | 12                                        | 12                              | 100                     |
| 8Д01705                  | Қазақ тілі мен әдебиеті      | 11               | 5                    | 1            | -                                  | 3               | 1   | -                                 | 5                                         | 5                               | 100                     |

Ағылшын филологиясындағы 6В02332-Шетел филологиясы: ағылшын тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 56,6%, 6В02335-Аударма ісі: ағылшын тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 50%, 7М02313-Шетел филологиясы: ағылшын тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 100% талаптарға сәйкес жинақталғандығы анықталды (2-ші кестеде көрсетілген).

### Кесте 2. Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы



| БББ коды мен атауы | БББ атауы                       | Білімгер саны | Жалпы ОПҚ саны | Магистр дәрежесі туралы | Ғылым кандидаты | PhD | Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар | Негізгі штат бойынша жалпы ОПҚ саны | бар дәрежесі ОПҚ саны | Ғылыми дәрежелілік % |
|--------------------|---------------------------------|---------------|----------------|-------------------------|-----------------|-----|--------------------------------|-------------------------------------|-----------------------|----------------------|
| 6B02332            | Шетел филологиясы: ағылшын тілі | 79            | 30             | 5                       | 12              | 12  | 1                              | 30                                  | 17                    | 56,6                 |
| 6B02335            | Аударма ісі: ағылшын тілі       | 190           | 36             |                         | 7               | 11  | 3                              | 36                                  | 18                    | 50%                  |
| 7M02313            | Шетел филологиясы: ағылшын тілі | 2             | 9              | -                       | 4               | 5   | -                              | 9                                   | 9                     | 100%                 |

Түрік филологиясы кафедрасына қарасты бакалавр дәрежесі бойынша 6B02267-Түркітану ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 68,42%, 6B02333-Шетел филологиясы: түрік тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 58,06%, магистратура дәрежесі бойынша 7M02212-Түркітану ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 90,09% екендігі және талаптарға сай жасақталғаны анықталды. (3-ші кестеде көрсетілген).

### Кесте 3. Түрік филологиясы кафедрасы

| БББ коды мен атауы | БББ атауы                     | Білімгер саны | Жалпы ОПҚ саны | Магистр дәрежесі туралы | Ғылым кандидаты | PhD | Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар | Негізгі штат бойынша жалпы ОПҚ саны | бар дәрежесі ОПҚ саны | Ғылыми дәрежелілік % |
|--------------------|-------------------------------|---------------|----------------|-------------------------|-----------------|-----|--------------------------------|-------------------------------------|-----------------------|----------------------|
| 7M02212            | Түркітану                     | 3             | 11             | -                       | 2               | 9   | 1                              | 11                                  | 10                    | 90,09                |
| 6B02267            | Түркітану                     | 83            | 20             | 6                       | 6               | 7   | 1                              | 19                                  | 13                    | 68,42                |
| 6B02333            | Шетел филологиясы: түрік тілі | 30            | 31             | 9                       | 7               | 11  | 3                              | 30                                  | 18                    | 58,06                |

Орыс тілі және әдебиеті кафедрасына қарасты бакалавр дәрежесі бойынша 6B01764-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 64%, 6B01724-Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (ІР) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 59%, 6B01717-Орыс тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 75%, 6B02377-Филология: орыс тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 60%, магистратура дәрежесі бойынша 7M01738-Орыс тілі мен әдебиеті ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 100% толықтырылған және талапқа сай екені анықталды (4-ші кестеде көрсетілген).

ІР білім беру бағдарламасы бойынша кафедрада 28 оқытушыдан 25 біліктілік сертификаттарын алғандығы анықталды.

### Кесте 4. Орыс тілі және әдебиет кафедрасы

| БББ коды мен атауы | БББ атауы | Білімгер саны | Жалпы ОПҚ саны | Магистр дәрежесі туралы мәлімет | Ғылым кандидаты | PhD | Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар | Негізгі штат бойынша жалпы ОПҚ саны | бар дәрежесі ОПҚ саны | Ғылыми дәрежелілік % |
|--------------------|-----------|---------------|----------------|---------------------------------|-----------------|-----|--------------------------------|-------------------------------------|-----------------------|----------------------|
|--------------------|-----------|---------------|----------------|---------------------------------|-----------------|-----|--------------------------------|-------------------------------------|-----------------------|----------------------|



|         |                                                                                 |    |    |   |    |   |   |    |    |     |
|---------|---------------------------------------------------------------------------------|----|----|---|----|---|---|----|----|-----|
| 6B01764 | Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті                    | 45 | 11 | 2 | 5  | 1 | 1 | 10 | 7  | 64  |
| 6B01724 | Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP) | 48 | 29 | 9 | 10 | 5 | 3 | 29 | 17 | 59  |
| 6B01717 | Орыс тілі мен әдебиеті                                                          | 59 | 12 | 2 |    | 2 | - | 12 | -  | 75  |
| 6B02377 | Филология: орыс тілі мен әдебиеті                                               | 14 | 10 | 2 | 4  | 2 | 2 | 10 | 6  | 60  |
| 7M01738 | Орыс тілі мен әдебиеті                                                          | 8  | 9  | - | 8  | 3 | - | 9  | 9  | 100 |

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының бакалавр дәрежесі бойынша 6B01718- Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 51,1%, 6B01728- Шетел тілдері (ағылшын-қытай (IP) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 51,8%, 6B01719- Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 50%, 6B01729- Шетел тілдері (ағылшын-түрік (IP) ғылыми дәрежелілігі 62,5%, 6B01721- Ағылшын тілі (IP) ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 50% магистратура дәрежесі бойынша 7M01708- Шетел тілі: екі шетел тілі ББ-ның ғылыми дәрежелілігі 100% толықтырылған және талапқа сай екені анықталды (5-ші кестеде көрсетілген).

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасында кафедраға 2024-2025 оқу жылында жаңадан жұмысқа қабылданған бір оқытушы, декреттік демалыстан келген бір оқытушы, педагогикалық емес ББ бойынша мамандар даярлайтын Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасынан ауысып келген бір оқытушы, дайындық факультетінен ауысып келген бір оқытушы IP білім беру бағдарламасы бойынша сабақ беруге бағытталған біліктілік арттыру курсынан өтпегендігі анықталды. Кафедрада жұмыс істейтін 24 оқытушыдан 4 оқытушы IP білім беру бағдарламасы бойынша біліктіліктерін арттырмағандығы анықталды.

#### Кесте 5. Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы

| БББ коды мен атауы | БББ атауы                                  | Білімгер саны | Жалпы ОПК саны | Ғылым доктор | Магистр дәрежесі туралы мәлімет | Ғылым кандидаты | PhD | Ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар | Негізгі штат бойынша жалпы ОПК саны | Ғылыми дәрежесі бар ОПК саны | Ғылыми дәрежелілік % |
|--------------------|--------------------------------------------|---------------|----------------|--------------|---------------------------------|-----------------|-----|--------------------------------|-------------------------------------|------------------------------|----------------------|
| 6B01718            | Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай) | 121           | 22             | -            | 10                              | 2               | 6   | 2                              | 20                                  | 8                            | 36,36                |
| 6B01728            | Шетел тілдері (ағылшын-қытай (IP))         | 155           | 38             | 2            | 16                              | 8               | 11  | -                              | 37                                  | 21                           | 55,26                |
| 6B01719            | Шетел тілі: екі шетел тілі                 | 263           | 20             | -            | 9                               | -               | 7   | 2                              | 18                                  | 7                            | 35                   |



|         |                                    |     |    |   |    |   |    |   |    |    |       |
|---------|------------------------------------|-----|----|---|----|---|----|---|----|----|-------|
|         | (ағылшын-түрік)                    |     |    |   |    |   |    |   |    |    |       |
| 6B01729 | Шетел тілдері (ағылшын-түрік (IP)) | 160 | 46 | 1 | 18 | 8 | 15 | 2 | 44 | 24 | 52,17 |
| 6B01721 | Ағылшын тілі (IP)                  | 60  | 30 | 1 | 14 | 5 | 8  | 1 | 29 | 14 | 46,66 |
| 7M01708 | Шетел тілі: екі шетел тілі         | 39  | 13 |   | -  | 6 | 7  | - | 13 | 13 | 100   |

Қорыта айтқанда, филология факультетіне қарасты кафедралардың ББ-лары біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесі, кафедралардағы ОПК-ның талаптарға сай екендігі анықталды.

#### Шешім:

БББ біліктілік талаптары сәйкестігіне жүргізілген мониторинг нәтижелері факультет кеңесінде каралып, дәрежесі төмен ББ-лардың дәжгересін арттыру бойынша ұсыныстары қарастырылсын.

Үшінші мәселе педагогикалық кадрларды даярлау сапасына мониторинг нәтижелері бойынша аудит жүргізу бойынша комиссия төрағасы А.С.Даулетова педагогикалық кадрларды даярлау сапасына жүргізілген мониторинг материалдарын қарап, мониторингтің мақсатын, қолданылған әдістерін және талдау бағыттарын таныстырды. Факультеттің мониторинг аясында білім беру бағдарламаларының мазмұнына, оқытушылардың кәсіби даярлығына, студенттердің педагогикалық практика нәтижелеріне және оқу процесінің сапасына кешенді талдау жасалғаны атап өтілді. Баяндамада келесі бағыттар бойынша мәлімет берілді: білім беру бағдарламаларының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі; теориялық және практикалық дайындықтың үйлесімділігі; оқытушылар құрамының кәсіби біліктілігі мен әдістемелік жұмыстары; заманауи педагогикалық технологиялар мен цифрлық платформаларды қолдану деңгейі; білім алушылардың педагогикалық практика кезіндегі кәсіби құзыреттерді игеру көрсеткіштері.

Мониторинг нәтижелері жалпы оң екені, білімгерлердің оқу-тәрбие процесін жоспарлау, сабақ құрылымын құру, бағалау жүйесін қолдану сияқты негізгі педагогикалық дағдыларды меңгергені атап өтілді. Сонымен бірге бірқатар жетілдіруді қажет ететін мәселелер де анықталды: әдістемелік материалдарды жаңарту; педагогикалық практика базаларын кеңейту; студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру; жаңартылған білім беру мазмұнына бейімделген сабақ жоспарларын құрастыру бойынша қосымша қолдау көрсету. Талқылау барысында қатысушылар педагогикалық мамандар даярлау сапасын арттыру үшін оқу бағдарламаларын жетілдіру, оқытушылар біліктілігін арттыру курстарын күшейту және практика ұйымдарымен өзара ынтымақтастықты нығайту қажеттігін атап өтті.

Аудит барысында мониторинг қорытындылары талданып, педагогикалық кадрлар даярлау сапасының жалпы деңгейі қанағаттанарлық екені анықталды. Студенттердің педагогикалық практика кезінде сабақ жоспарлау, оқыту әдістерін қолдану, бағалау критерийлерін пайдалану дағдыларының қалыптасқаны жөнінде оң пікірлер айтылды.

Сонымен қатар аудит бірнеше өзекті мәселелерді анықтады:

- кейбір білім беру бағдарламаларында әдістемелік материалдардың жаңартуды қажет ететін тұстары бар;



- цифрлық платформаларды пайдалану деңгейі кафедралар арасында әрқелкі;
- педагогикалық практика базаларының мүмкіндіктерін кеңейту қажет;
- студенттердің рефлексивтік дағдыларын дамыту бағытында қосымша жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Аудит нәтижесінде білім беру сапасын арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар дайындалды. Комиссия мүшелері әрбір бағыт бойынша түзету шараларын енгізудің маңызын атап өтті.

#### Шешім:

1. Педагогикалық кадрлар даярлау сапасын жыл сайын жүйелі түрде мониторингтен өткізу жалғастырылсын.

2. Педагогикалық практика базаларын кеңейту және практика сапасын жақсарту бағытында тиісті құрылымдық бөлімдермен жұмыс жолға қойылсын.

3. Оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатысуы қамтамасыз етілсін

4. Цифрлық білім беру ресурстарын қолдануды арттыру үшін оқытушыларға арналған семинар-тренингтер ұйымдастырылсын.

**Сапа комиссиясының төрағасы А.С.Даулетова күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша** ББ пәндері бойынша контенттердің сапалы әзірленуі және порталға толық жүктелгенін факультеттің оқу-әдістемелік комитеті тарапынан тексеріс нәтижесіне факультеттің ішкі сапа комитеті тарапынан мониторинг жасалғаны айтылды. Мониторингтің мақсаты кафедралардағы контенттердің сапалы әзірлену және порталға толық жүктелуі барысында кеткен кемшіліктер мен оларды жою жолын қарастыру болды. (6-шы кестеде көрсетілген).

#### Кесте 6. Контенттердің сапалы әзірленуі және порталға жүктелуі

| № | Кафедра атауы                        | Кафедрада өтілетін пән саны | Кафедрадағы ОПҚ саны | Контентті толық жүктеген ОПҚ саны | Контентті толық жүктемеген ОПҚ саны |
|---|--------------------------------------|-----------------------------|----------------------|-----------------------------------|-------------------------------------|
| 1 | Қазақ филологиясы                    | 47                          | 20                   | 20                                | 0                                   |
| 2 | Түрік филологиясы                    | 48                          | 28                   | 28                                | 0                                   |
| 3 | Педагогикалық шетел тілдері          | 81                          | 46                   | 46                                | 0                                   |
| 4 | Ағылшын филологиясы және аударма ісі | 46                          | 11                   | 11                                | 0                                   |
| 5 | Орыс тілі мен әдебиеті               | 38                          | 28                   | 28                                | 0                                   |
| 6 | Жалпыакадемиялық ағылшын тілі        | 2                           | 19                   | 19                                | 0                                   |

Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінің тарапынан тексеру барысында бірнеше толық жүктелмеген, құрылымы дұрыс емес контенттер анықталып, оларға қайта мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде, ескертуден кейін контенттер толық жүктелгені көрінді.

#### Шешім:

Контенттердің сапалы әзірленуі және порталға толық жүктелуі оқу-әдістемелік комитеті тарапынан қадағаланып және факультет кеңесінде талқыланып.

Келесі мәселе бойынша сапа комиссиясының төрағасы А.Даулетова ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесіне мониторинг жүргізілгендігін атап өтті.



Аталмыш мәселе бойынша кафедралардан келесі мәліметтер келгендігін және олардың растаушы құжаттармен сәйкестігін тексеру мақсатында мониторинг жүргізілгенін айтты.

### Жарыссөз:

**Л.Қазыханқызы:** 2024-2025 оқу жылында 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері) білім беру бағдарламасы бойынша 124 түлек (оның ішінде 4 шетелдік студент), 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері) білім беру бағдарламасы бойынша 30 түлек оқу бітірді. Осы күнге дейінгі мәлімет бойынша 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері) білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу пайызы – 24,16%, 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері) білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу пайызы -33,33%.

**Ы.Нурмагомбетова:** 2024-2025 оқу жылында бітірген 6B02333 - Шетел филологиясы: түрік тілі, ФТФ-111 тобы түлектерінің жұмысқа орналасуы туралы мәлімдеме жасады. Шетелдік 2 түлек, 2 түлек жұмыс істейді. Барлығы 4 бітіруші түлек.

**Р.Байымбетова:** 6B01716-Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бойынша 40 білімгер тәмамдаған, оның 21-і жұмысқа орналасқан, бала күтемінде 5, шетелдік азамат 1, жалпы жұмысқа орналасу пайызы-62,5. 6B02336-Филология: қазақ филологиясы ББ бағдарламасы бойынша жалпы саны 15, оның 8-і жұмысқа орналасқан, 3-уі оқуын жалғастырып жатыр. Пайызға шаққанда- 73,4.

**Ж.Ошақбаева:** 6B01717- Орыс тілі мен әдебиеті ББ бағдарламасы бойынша жалпы саны-27, жұмысқа орналасқандар-11, оқуын жалғастырғандар -3, бала күтімінде- 3, шетел азаматтары-2, пайызы-70,3. 6B01764- Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті ББ бойынша жалпы саны-27, жұмысқа орналасқандар -12, оқуын жалғастырғандар -3, бала күтімінде-4, жалпы пайызы-70,3.

**Г.Макенова:** 6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі ББ бойынша жалпы саны-44, жұмысқа орналасқаны-11, оқуын жалғастырғандар-3, бала күтімінде-3, шетел азаматтары-1. Жалпы пайызы- 39,5.

Факультет бойынша жалпы саны-322, жұмысқа орналасқандар-113, оқуын жалғастырғандар-35, бала күтімінде отырғандар-22, шетел азаматтары-16, пайызы-62,8

Сапа комиссиясының төрағасы тарапынан Филология факультетіне қарасты ББ-лар бойынша 2024-2025 оқу жылының бітіруші түлектерінің жұмысқа орналасуы кафедралардың берген мәліметтеріне қарай растаушы құжаттарымен сәйкес келетіндігі айтылып, соған қатысты қандай шаралар қолданылып жатқандығы туралы сұрақ сұралды.

**Ж.Исаева** сөз алып, бірнеше себептерді айтты:

- 1.Тұрғылықты жері бойынша «жұмыс іздеуші тұлға» ретінде тіркелген;
  2. Магистратураға түсу үшін екінші мәрте өткізілетін кешенді тестілеуге қатысады;
  3. Жеке кәсіппен айналысуда және қызмет көрсету салалында еңбек етуде;
  - 4.Түлектердің көпшілігі қыз баласы болғандықтан отбасын құрып, бала күту демалысында болады және жұмыс істеуіне отбасы мүшелері тыйым салады;
- Аталмыш себептерге басқа кафедралардың да меңгерушілері қосылды, және қосымша «Түлектердің ата-анасы басқа өңірлердегі бос жұмыс орындарына барып қызметке тұруына қарсы болады» секілді себептер де айтылды.

**Шешім:**

1.БББ түлектерінің жұмысқа орналасу сапасын арттыру бойынша кафедраларда жұмыс жүргізілсін.


2.Жұмыстың орындалуы факультет кеңесі тарапынан қадағалансын.

Комиссия төрағасы қыркүйек, қазан айларында 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну, БББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізілгенін, педагогикалық кадрларды даярлау сапасына мониторинг нәтижелері бойынша аудит жүргізу ( педагогикалық бағыттар бойынша) бойынша комиссия құрылғанын, ББ пәндері бойынша контенттердің сапалы әзірленуі және порталға толық жүктелгенін тексеру барысы, ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесіне мониторинг жүргізілгенін айтып өтті.

**Шешім:**

Қыркүйек, қазан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау қанағаттанарлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:



А.Даулетова

Мәжіліс хатшысы:



Р. Байымбетова